



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

ЖОҒАРҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІ БАСҚАРУДАҒЫ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Әбілова М.М., Самтыбаева А.Д.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Экономика факультеті,
«Мемлекеттік аудит» мамандығының 3-курс студенттері

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Нұр-Сұлтан қ, Қазақстан Республикасы

E-mail: marzhan.abilova.00@bk.rusattybaeva00.00@mail.ru

Аннотация: Кез-келген елдің мемлекеттік басқаруын нығайтып, жетілдіру үшін мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылаудың қызметі ерекше екені белгілі. Себебі мемлекеттік басқарудың дұрыс жұмыс істеуін қадағалау үшін орасан зор үлес қосуда мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылаудың атқаратын рөлі өте зор. Бұл мақалада мемлекетті басқарудағы қаржылық бақылаудың жоғарғы органдарының орындайтын қызметтері, олардың қоғамдағы маңыздылығы туралы айтылған. Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі Есеп комитеті мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың Тексеру комиссияларының міндеттері мен мақсаттары, ең бастысы олардың мемлекеттік басқаруды атқаратын рөлдері туралы зерттелінген. Сонымен қатар, олардың атқарған қызметтеріне талдама жұмыстары жүргізілген. Болашақта ел экономикасының айтарлықтай дамуы үшін қаржылық бақылау органдарының жасалынып жатқан жұмыстарына бірқатар ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленген.

Аннотация: Известно, что деятельность государственного аудита и государственного финансового контроля является уникальной для укрепления и совершенствования государственного управления любой страной. Потому что роль государственного аудита и государственного финансового контроля в внесении огромного вклада в надзор за правильным функционированием государственного управления очень велика. В данной статье речь идет о функциях, выполняемых высшими органами финансового контроля в управлении государством, их значении в обществе. Изучены задачи и цели Счетного комитета по исполнению республиканского бюджета и ревизионных комиссий областей, городов республиканского значения, столицы, а главное их роли в государственном управлении. Также была проведена аналитическая работа по их деятельности. Для существенного развития экономики страны в будущем разработан ряд предложений и рекомендаций к проводимой работе органов финансового контроля.

Annotation: It is well known that the activities of State audit and State financial control are unique for strengthening and improving public administration in any country. Because the role of the State audit office and the State financial control in making a huge contribution to the supervision of the proper functioning of public administration is very large. This article deals with the functions performed by the

supreme bodies of financial control in the management of the state, their significance in society. The tasks and goals of the Accounts Committee for the Implementation of the Republican Budget and the audit commissions of regions, cities of republican significance, the capital, and most importantly their roles in public administration are studied. Analytical work was also carried out on their activities. For the significant development of the country's economy in the future, a number of proposals and recommendations for the ongoing work of financial control bodies have been developed.

Түйінді сөздер: мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудитор, қаржылық бақылау, мемлекеттік басқару, Есеп комитеті, Тексеру комиссиясы, қаржылық бұзушылық, Заң, бюджет, экономика

Кез - келген елдің мемлекеттік экономикасының, қоғамының, стратегиялық жоспарларының айтарлықтай дамуын дәлелдейтін бірден-бір себеп – ол елде мемлекеттік басқарудың мықты жүйесінің болуы. Мемлекеттік басқару жүйесі дегеніміз – мемлекеттік билікті жүзеге асыру жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының атқарушы және жарлықшы қызметі болып табылады. Мемлекеттік басқару органдар жүйесіне: Үкімет, Министрліктер, Мемлекеттік мекемелер мен комитеттер, жергілікті атқарушы органдар және мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік әкімшіліктер жатады.

Елбасының «Қазақстан – 2030» атты жолдамасында «Мемлекеттік басқару ол – Қазақстан Республикасы Конституция негіздерін басшылыққа ала отырып, оны бұлжытпай орындау болып табылады» делінген. Яғни, дамыған 30 елдің қатарына кіруіміз үшін ең алдымен, мемлекеттік басқаруымызды түбегейлі жетілдіруіміз қажет.

Мемлекеттік басқарудың дұрыс жұмыс істеуін қадағалау үшін орасан зор үлес қосуда мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылаудың атқаратын рөлі өте ерекше. Мемлекеттік аудит дегеніміз – мемлекеттің аудиттік объектілерін мемлекеттік құжаттарда дұрыс көрсету, ол құжаттардың заңнамаға сәйкес келуін тексеріп, қаржы ресурстарымен қатар өзге де ресурстарды тиімді басқаруды бағалау боп табылады[1].

Мемлекеттік қаржылық бақылау дегеніміз - Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде белгіленген құзыреті шегінде бюджетке өтеуді, қызметтер көрсету және анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша нұсқамаларды орындау және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жолымен қалпына келтіруді қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүзеге асыратын бақылаудың бір бөлігі немесе мемлекеттік бақылаудың бір саласы болып табылады.

Қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудиттің ең басты айырмашылықтары – оларды тағайындауында болып табылады. Қаржылық бақылаудың мақсаты – атқарушы билік органдарына дұрыс басқарушылық

шешім қабылдауы үшін бақылау объектілерінің жай-күйі туралы объективті көрініс беру болып табылса, ал мемлекеттік аудиттің басты мақсаты – объектінің дамуы, және даму болжамы анықталған мәселелерді шешу бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар беру.

Мемлекеттік қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудиттің жұмысы неғұрлым жоғары және сапалы болатын болса, мемлекеттік басқарудың тиімділігі де соншалықты жоғары болады.

Қазіргі таңда, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтау, оларды болдырмау және алдын алу жөніндегі аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізу, ең бастысы оларды жою туралы ұсынымдар беру арқылы мемлекеттің ұлттық ресурстары мен активтерін қалыптастыру мен пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамсыз етуге бағытталған кәсіби қызмет ретінде әрекет етуге тиіс.

Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың міндеттерін орындап, мақсаттарына жеткізетін және сан-қилы функцияларын атқаратын ол бізде – мемлекеттік аудит пен мемлекеттік қаржылық бақылаудың органдары болып табылады. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдарына Есеп комитеті, Тексеру комиссиясы және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган кіреді.

Соның ішінде ең жоғарғы органы болып – республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі Есеп комитеті саналады. Есеп комитеті жоғары қаржылық бақылау органдарының: INTOSAI, ASOSAI, EUROSAI, ECOSAI бес халықаралық ұйымының, ТМД – ға қатысушы мемлекеттердің жоғары қаржылық бақылау органдары басшылары кеңесінің мүшесі болып табылады, олармен өзара іс-қимыл жасасу есеп комитетінің қызметіне жаңа практиканы, функцияларды іске асырудың озық құралдарын енгізеді.

Есеп комитетінің басты мақсаты – еліміздегі экономикалық тұрақтылықты қамтамсыз етуі және мемлекеттік қаржылық тәртіпті нығайту болып табылады[2].

Еліміздің экономикалық дамуының үдемелі қозғалысы аса маңызды мемлекеттік функциялар мен бағдарламаларды іске асыру кезінде мемлекеттің қаржылық шығындарының орындылығына бағалау жүргізуді талап етеді.

Есеп комитеті мемлекет активтерін пайдалану және квазимемлекеттік сектор активтерін басқару тиімділігінің аудитін жүзеге асырады. Сонымен қатар, заңда жекелеген проблемалар мен тақырыптар бойынша тиімділік аудитін жүргізу, атап айтқанда, баға белгілеу, квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың дамуына, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және ақпараттық технологиялар саласына әсері мәселелері көзделген.

Есеп комитеті тікелей Президентке есеп беретіндіктен, олар өз жұмыстарын адал, әрі сапалы атқаруға міндетті. Белгіленген жоспар бойынша өз мақсаттарына жету үшін аянбай күштерін сарп етері сөзсіз. Сонымен қатар, тәртіптілік, яғни тек заң бойынша жұмыс жасау, табандылық, тиянақтылығын да талап етеді. Есеп комитетінде қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілердің барынша «Кәсіби пайым» стандартына сай келуі,

оларды уақытынды қайта даярлау, алғырлықтары мен адалдықтары, өз мамандығын толықтай білулері де маңызды болып табылады. Себебі, Есеп комитетінің жұмыстарын атқарып, міндеттерін орындап, белгілі бір мақсаттарға жетуді дәл осы мемлекеттік қызметшілер орындайды.

Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың Есеп комитетінен кейінгі жоғарғы органы – Тексеру комиссиясы болып табылады.

Мемлекеттік басқаруда, қаржылық бұзушылықтардың алдын алуды, сонымен қатар ел экономикасының өрескел дамып, еліміздегі ресурстарымызды тиімді пайдалануды Тексеру комиссиясының да атқаратын рөлі өте жоғары. Тексеру комиссиясы жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

Тексеру комиссиясының негізгі мақсаты - тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде қаржы тәртібін нығайту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бюджет қаражатын, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауда жұмыс істелуінің мәртебесі өте жоғары. Оның атқаратын міндеттеріне келер болсақ, жергілікті бюджеттердің атқарылуына, мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің тиімді пайдаланылуы, және оларда сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру; еліміздің заңнамасында көрсетілген бюджет заңнамасы, Қазақстан Республикасының сатып алу туралы заңнамасы және сонымен қатар, бюджет қаражатының мемлекеттің активтерін пайдалану саласындағы мемлекетіміздің өзге де нормативтік-құқықтық актілері талаптарының сақталуын бақылау жатады. Сонымен қоса алғанда, жергілікті бюджеттік атқарылуын, аумақтарды дамыту бағдарламаларының, бюджеттік бағдарламалардың дұрыс жұмыс атқаруын талдау және оларды бағалауды да Тексеру комиссияларының басты міндеттерінің біріне жатқызар болсақ, қателеспейміз.

Есеп комитеті қаржылық бұзушылықтарды анықтаумен қатар, мемлекеттік аудитпенде қамтиды. Бұл шара мемлекеттік басқаруда айтарлықтай ерекше орын алады. Мысалы, келесі мәліметтерде 2018-2020 жж. Есеп комитетінің аудиторлық қамтуы туралы көрсетілген (1-сурет). Бұл жерде байқап отырғанымыздай, мемлекеттік аудитпен қамту 2020-жылы 2018-жылға қарағанда 9-есе өскен.



Сурет-1.2018 – 2020 жж. аудиторлық қызметтің түйіндікөрсеткіштері, трлн.тг

Келесі диаграммада аталған жылдар арасындағы қаржылық бұзушылықтар туралы ақпараттар берілген (2-сурет), [3]. Бұл жағдайда белгіленген қаржылық бұзушылықтар 2-есе төмендеген. Яғни, Есеп комитетінің өз міндеттерін дұрыс орындалып жатқандығын көрсетеді.



Сурет-2.2018 – 2020 жж. аудиторлық қызметтің түйіндікөрсеткіштері, млрд.тг

3-суретте Тексеру комиссиясының 2019-2020жж. ұсынымдар мен тексерулерді, және тапсырмаларды орындалуы туралы үлесі % ұсынылған. Көріп отырғанымыздай, тапсырмалар нақты жоспар бойынша толығымен орындалған[4].



Сурет-3. 2019-2020 жж. Тексеру комиссиясының ұсынымдар мен тапсырмаларды орындауы туралы, %

Есеп комитеті, өз жұмысын атқаруда, нақты мақсаттарға қол жеткізіп, мемлекеттік басқаруды реттеуде ең маңызды, бірінші орындалуы керек шарт – дұрыс мамандардың болуын көздейді. Яғни, Есеп комитетінде «мемлекеттік аудитор» және т.с.с. өзге де жоғары білімді сертификаттары бар білікті мамандар жұмыс жасайды. Олар өз қызметін жалпы стандарттарға, және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандарттары бойынша атқарады.

Есеп комитетінде, аудиторлардың адалдығына, біліктілігіне айтарлықтай ерекше мән беріледі. Есеп комитетіндегі мемлекеттік аудитор біліктілігін алуға сертификаттау және сыртқы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау органдары жұмыскерлерінің біліктігін арттырау және оларды қайта даярлауына келер болсақ, төмендегі кестеде 2018-2020жж. арналған ақпарат көздері көрсетілген(1-кесте), [5].

Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге сертификаттау				Сыртқы МА органдары жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру, қайта даярлау		
	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2018 жыл	2019жыл	2020 жыл
Берілгені	164	81	63	380 тыңдаушы	355 тыңдаушы	390 тыңдаушы
Бас тартылғаны	94	42	21			
Қайтарып алынған	11	2	9			
Халықаралық біліктілігі бар мемлекеттік аудит органдарының жұмыскерлері:						
ЕК		ІМАК		Тексеру комиссиялары		ІАҚ
48%		52%		33%		13%
67 қызметші		383 қызметші		218 қызметші		32 қызметші

Кесте-1. 2018-2020 жж. Есеп комитетінің мемлекеттік аудиторлар саны

Есеп комитетінің 2021 жылға арналған аудиторлық іс-шараларына тоқтар болсақ, белгіленген мақсаттарға жету үшін бірқатар іс-шараларды ресми сайттарында жариялаған болатын. Олар:

- Квзимемлекеттік сектор: «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «Біріккен химиялық компания» ЖШС, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, «Қазпошта» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, және олардың еншілес ұйымдарында активтерінің басқарылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізу;
- Инфрақұрылымды дамытудың 2015 -2019 жж. арналған «Нұрлы-Жол», «Цифрлық Қазақстан» жекелеген мемлекеттік бағдарламаларының іске асырылуын бағалау

- Өңірлерде: Қызылорда, Батыс Қазақстан, Түркістан, Алматы, Жамбыл облыстарында бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігіне кешенді аудит жүргізу;
- Республикалық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргізу;
- Жекелеген мемлекеттік органдар: ҚР Президент Іс басқармасы, Сыртқы істер министрлігі қызметінің тиімділігіне аудит жүргізу;
- ҚР Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде жекелеген келісімдерді орындауы бойынша халықаралық аудиттер[6];

Қорытындылай келе, Есеп комитеті өкілеттіктерінің кең спектрі барлық мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының мемлекеттік аудитті жүзеге асыру сапасын тексеру сияқты өте жауапты өкілеттіктермен толықтырылғанын атап өту қажет.

Сондай-ақ, Тексеру комиссиялары тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде «мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың барлық үш түрі бойынша Қаржылық бақылау мен аудит жүргізеді. Және аталған қаржылық бақылаудың жоғарғы органдары мемлекеттік басқаруды, экономикада өте маңызды орынға ие болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы №392 –V ҚРЗ Заңы (03.07.2020 ж. өзгерістермен) - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті - <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>
3. Есеп комитетінің 2020 жылғы қызметінің негізгі қорытындылары және 2021 жылға арналған міндеттері - <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/153234?lang=kk>
4. Тексеру комиссияларының 2020 жылғы жұмысының жалпы қорытындысы - <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/155200?lang=kk>
5. Государственный финансовый контроль. Учебник. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2018.- 385 с.
6. Абленов Д.О.Аудит: теория и практика: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2005. - 420 б.